

ҚАРАГАНДЫ ҚАЛАСЫ  
ОКТЯБРЬ АУДАНЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТИК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРИ

ҚАУЛЫ

№ 320

«10» наурыз 2021 жыл

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ОКТЯБРЬСКОГО РАЙОНА  
ГОРОДА КАРАГАНДЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Қарағанды қаласы

Қарағанды қаласы Октябрь ауданының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы 19 ақпандағы № 245 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мен, Қарағанды қаласы Октябрь ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері С. Ә. Қырғызалин, Қазақстан Республикасында, оның ішінде Қарағанды қаласы Октябрь ауданының аумағында COVID-19 (бұдан әрі - КВИ) ауруы бойынша материалдарды қарастырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9, 38, 104-баптарына сәйкес, Қарағанды қаласы Октябрь ауданының аумағында COVID-19 (әрі қарай КВИ) таралуының алдын алу мақсатында Қарағанды қаласы Октябрь ауданында КВИ аурушаңдығын талдау деректерін қарап, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 09 наурыздағы "Қарағанды облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 19 кантардағы № 2-К қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 6 қаулысының негізінде», **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қарағанды облысында шектеу іс-шараларын қүшету туралы» Қарағанды қаласы Октябрь ауданының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 19 ақпанды № 245-К қаулысына (бұдан әрі - Қаулы) өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) Қаулының 4-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«Қызметіне тыйым салынады:

- осы қаулының 5-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген «Ashyq» пилоттық жобасы іске асырылатын Қарағанды қаласының объектілерін қоспағанда ойын-сауық мекемелері (караоке, компьютерлік клубтар, түнгі клубтар, боулинг-орталықтар), букмекерлік кеңселер;
- балаларды сауықтыру лагерлері, мектепке дейінгі балалар үйымдары (мектепке дейінгі балалар үйымдарындағы кезекші топтарды қоспағанда);

2) қаулының 4-1-тармағының 3-тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:  
«Қарағанды қаласы Октябрь ауданының аумағында орналасқан және «Ashyq» жобасын іске асыруға қатысатын компьютерлік клубтарға және боулингтерге

қаулының 36-қосымшасына сәйкес, толтырылуы 75% - дан аспайтын жағдайда және жұмыс режимі сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін қамтамасыз етілсін»;

**3) қаулының 26-тармағының 1, 2, 3 және 4-абзацтары келесі редакцияда жазылсын:**

- «– 300 окушыға дейінгі контингенті бар, сыныптардағы балалар саны 15 адамнан аспайтын қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқыту;
- 2021 жылғы 1 наурыздан бастап мектепалды сыныптардың оқушылары үшін жалпы білім беретін мектептерде 1 – ден 5-сыныпты қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1-ден 7-сыныпты қоса алғанда, сыныптардағы балалар саны 25 адамнан аспайтын аралас форматта оқу;
- бітіруші сыныптар үшін (9, 11 (12) сыйыптар) аптаның 6 күні ішінде аралас форматта оқыту: пәндердің 70% – ы штаттық режимде, 30%-ы қашықтықтан оқыту (*сыныпта 15 адамнан артық емес, «1-сынып-1-кабинет» қагидаты бойынша оқыту, санитариялық-дезинфекциялық және маскалық режимдерді сақтай*);
- білім беру үйімі әкімшілігінің шешімі бойынша сабактан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқыту»;

**4) қаулының 42-тармағының 9-тармақшасы келесі мазмұндағы 11-абзацпен толықтырылсын:**

«- медициналық жоғары оқу орындары мен медициналық колледждердің студенттері медициналық үйімдарда практика басталар алдында»;

**5) қаулының 36-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;**

**2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.**

**3. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.**

Қарағанды қаласы

Октябрь ауданының

бас мемлекеттік санитариялық дәрігері

мер  
орыны



С. Е. Қырғызалин

Қарағанды қаласы Октябрь  
ауданының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің  
2021 жылғы 10 наурыздағы  
№ 320 қаулысына  
1 қосымша

## **Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде компьютерлік клубтарға, билльярд залдарына және боулингтерге қойылатын талаптар**

1. Объектінің әкімшілігі infokazakhstan.kz сайтында міндетті түрде жұмыс істеу талаптарымен танысады жүргізеді және тиісті келісімге қол қояды.
2. объектілердің жұмыс режимі және қызметке шектеулер шектеу (карантиндік) шараларын қатаңдатуға (женілдетуге) қойылатын талаптар ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен бекітілетін Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттарымен айқындалады.
3. Объектілердің қызметіне мынадай шарттар қамтамасыз етілген кезде жол беріледі:
  - 1) объектіні ашу алдында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күрделі жинау жүргізу(оның ішінде жиһаздың, қабырғалардың және басқа да заттардың бетін дезинфекциялау құралдарымен жинау және өндөу);
  - 2) дene қызыу жоғары және/немесе инфекциялық ауру белгілері бар адамдарды жұмыс орнында болудан міндетті түрде шеттете отырып, байланыссыз тәсілмен дene қызыуын өлшеуге арналған аспаптарды қолдана отырып, персонал мен келушілердің дene қызыуын бақылау. Көрсетілген симптомдар болған кезде келушілерге қызмет көрсетуге жол берілмейді;
  - 3) келушілерді әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызу (келушілер арасында кемінде 1,5 метр не 1 келушіге 4 шаршы метр есебінен);
  - 4) міндетті түрде маскалар болған кезде персонал мен келушілерді объектіге кіргізу;
  - 5) объектінің персоналы жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіледі, персоналдың маскасыз жұмыс істеуіне жол берілмейді;
  - 6) жұмыс (ойын) орындарын, компьютерлік периферияны (тінтуір, пернетақта, кілемше, құлаққап), жана сатын беттерді, жиһаздарды құрамында спирті бар тазалағыш құралдармен әрбір келушіден кейін жинау және дезинфекциялау;
  - 7) келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгілер, қоршаулар мен тоқсауыл ленталар қою арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар жиналуды мүмкін жерлерге жол бермеу;
  - 8) келушілерді хабардар ету мақсатында әкімшілік әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, келушілерді орналастыру жоспарын әзірлейді және кіреберісте орналастырады;

9) келушілердің шотты төлеу кезінде байланыссыз аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, әрбір пайдаланғаннан кейін құрылғыны дезинфекциялау құралымен сұрту;

10) өндірістік бақылау журналына тіркей отырып, профилактикалық тексеру (сұзгілерді ауыстыруды, ауа өткізгіштерді дезинфекциялауды қоса алғанда) жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуі.

11) табиғи желдету болмаған жағдайда қоса берілген нұсқаулыққа сәйкес бактерицидті шамдарды немесе ауа рециркуляторларын пайдалана отырып, ауаны заарсыздандыру ұсынылады. Кварц шамдарын пайдалану ережелерді қатаң сақтаған кезде, адамдар болмаған кезде, үй-жайларды міндettі түрде желдете отырып жүзеге асырылады. Ауа рециркуляторларын адамдардың қатысуымен пайдалануға рұқсат етіледі.

#### 4. Объектінің меншік иесі:

1) санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты адам тағайындауды (температураны өлшеу, персоналға нұсқау беру, жеке қорғаныш құралдарын уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау, нұсқама жүргізу журналын жүргізу, маскаларды, респираторларды, сулықтарды кәдеге жарату, жабдықтар мен мүкеммалды өндеу, үй-жайларды жинау);

2) кіреберісте, ресепшенде, үй-жайдың әрбір залында және санитариялық тораптарда тері антисептигі бар санитайзерлерді орнатуды;

3) қызметкерлер арасында жеке/өндірістік гигиена және бақылау ережелерін сақтау, кварц шамдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, олардың мұлтіксіз сақталуы туралы нұсқама өткізу;

4) ғимаратқа кіреберісте дезинфекциялық құралмен суланған дезинфекциялық кілемше орнатылады;

5) санитариялық тораптарды жеке гигиена құралдарымен (сұйық сабын, антисептиктер, дәретхана қағазы);

6) пайдаланылған маскалар мен қолғаптарды таңбаланған контейнерлерге (полиэтилен қаптар) орталықтандырылған жинау, одан әрі қатты тұрмыстық қалдықтар ретінде кәдеге жаратуды;

7) техникалық персоналдың (тазалаушының) жеке қорғаныш құралдарын (қолғап, медициналық маска) пайдалана отырып, арнайы киімде дезинфекция жүргізуін;

8) пайдаланғаннан кейін жинау мүкеммалын (шелектер, щеткалар, шүберектер) арнайы бөлінген орындарда тиісінше сақтауды;

9) әрбір 2 сағат сайын жұмыс орындарын және келушілерге арналған үй-жайларды желдетуді;

10) есік тұтқаларын, ажыратқыштарды, тұтқаларды, таяныштарды, жанасатын беттерді (жабдықтарды, мүкеммалды, үстелдерді, орындықтарды), жалпы пайдалану орындарын (киім іletін орындарды, тамақ қабылдау, демалыс бөлмелерін, санитариялық тораптарды) міндettі дезинфекциялай отырып, өндірістік және тұрмыстық үй-жайларды күніне кемінде 2 рет вирулицидті әсер ететін құралдармен дезинфекциялай отырып, ылғалды жинауды жүргізуіді;

11) үй-жайларды жинау, қызметкерлердің қолдарын өңдеу, тыныс алу органдарының ЖҚҚ үшін дезинфекциялық және жуу құралдарының азаймайтын (кемінде бес күндік) қорының болуын;

12) дезинфекциялау құралдарымен жұмыс істеуге деңсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ кәмелетке толған адамдарды жіберуді;

13) дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамасында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғак, салқын және қаранғыланған жерде тығыз жабылған күйде сақтауды қатамасыз етуі қажет. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек кезіндегі сақтық шаралары әрбір нақты дезинфекциялау құралы үшін оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.

4. Бильярд залдары мен боулингтер үшін мынадай қосымша талаптарды сақтау қажет:

1) би аландарында жаппай би өткізуге жол берілмейді;

2) конкурстарды (өз үстелінен шықпай-ақ интерактивті іс-шаралардан басқа), ұжымдық (корпоративтік) іс-шараларды өткізуге жол берілмейді;

3) әлеуметтік қашықтық сақталған жағдайда Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер қаулыларының талаптарына сәйкес бильярд және боулингтің жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;

4) ойын мүкәммалы (кии, бильярдқа арналған шарлар, боулингке арналған шарлар және т.б.) әрбір ойын аяқталғаннан кейін құрамында спирт бар дезинфекциялау құралымен өнделеді;

5) бір ойын жолындағы боулерлердің бір мезгілде 6 адамнан артық болуына жол берілмейді.